№ 005-ДА/33807 от 17.11.2021

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҚАРЖЫ МИНИСТРЛІГІ

МИНИСТЕРСТВО ФИНАНСОВ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Нұр-Сұлтан қаласы, Мәңгілік Ел даңғылы 8, 4-кіреберіс
тел.: +7 (7172) 75-04-71, 75-04-89, факс: 75-03-52
administrator@minfin.gov.kz

010000, город Нур-Султан, проспект Мәңгілік Ел, 8, подъезд 4
тел.: +7 (7172) 75-04-71, 75-04-89, факс: 75-03-52
administrator@minfin.gov.kz

№

«Алматы қаласы мемлекеттік активтер басқармасы» КММ

Көшірмелері: **Қазынашылық комитеті**

Ішкі мемлекеттік аудит комитеті

Алматы каласы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаменты

«Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының *(бұдан әрі – мем.аудит туралы Заң,)* 58-5-бабы және «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының *(бұдан әрі – Заң,)* 47 - бабының 7-тармағы негізінде Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің апелляциялық комиссиясы Сіздің 12.10.2021ж. №40.1-40/55-И, 13.10.2021ж. №40.1-40/57-И, 15.10.2021ж. №40.1-40/77-И *(кіріс 2021 жылы 13 қазан №33807, 2021 жылы 13 қазан №33917, 2021 жылы 15 қазан №34311)* шағымыңызда №5987880-1 «Алматы қаласы Жайлы қалалық орта басқармасы» КММ үшін «Көп пәтерлі тұрғын үйлердің құрылысы. Ш. Қайрат, 153/1 уч., Алматы қаласы, Түрксіб ауданында. Орамішілік жолдар мен өту жолдары» конкурс бойынша «BCS Construction» ЖШС жұмыс тәжірибесі үшін шартты жеңілдікті қайта қарау туралы келесыыны хабарлайды.

1) КВГА қорытындысымен және «BCS Construction» ЖШС жұмыс тәжірибесін есептеу бойынша Алматы қаласы бойынша ІМАД хабарламасымен келіспеуге қатысты.

Жұмыс тәжірибесінің болуы бойынша талап Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы № 648 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларына сәйкес белгіленеді.

Бұрын қайта ұйымдастыру кезінде әлеуетті өнім берушілердің жұмыс тәжірибесін қолдану мәселелері Қазақстан Республикасының Әділет министрлігімен (*одан әрі – ҚР ӘМ*) пысықталды.

ҚР ӘМ позициясына сәйкес (*2020.05.21 № 02-3-/2976 хат*) заңды тұлғаның орындалған жұмыстарының актілері мүліктік құқықтар объектілеріне жатқызылуы мүмкін.

ҚР ГР 47 – бабына сәйкес қайта құрылған заңды тұлғаның мүліктік құқықтары мен міндеттері жаңадан пайда болған заңды тұлғаға қосылған және қосылған кезде – өткізу актісіне сәйкес, бөлінген және бөліп шығарылған кезде-бөлу балансына сәйкес ауысады.

Егер заң актілерінде немесе қайта ұйымдастыру туралы шешімде өзгеше көзделмесе, мүлік (құқықтар мен міндеттер) құқықтық мирасқорды тіркеу кезінде оған ауысады.

Осылайша, ҚР ӘМ қайта ұйымдастырылған заңды тұлғаның жұмыс тәжірибесін жұмыс тәжірибесін растайтын құжаттар, сондай-ақ заңнамада айқындалған тәртіппен тіркелген өткізу актісіне не бөлу балансына сәйкес құқықтар мен міндеттерді беруді растайтын құжаттар болған кезде қолдануға болады деп пайымдайды.

Сонымен қатар, ҚР ӘМ хатына сәйкес (*29.09.2020 ж. № 02-3-/37502 хат*) бірігу және қосылу кезінде екі (немесе одан да көп) заңды тұлға бір заңды тұлғаға қайта құрылады. Демек, егер заңды тұлғалардың бірінің жұмыс тәжірибесі болса, онда мұндай тәжірибе жаңа (немесе қосылған) заңды тұлғада сақталуы мүмкін.

Бір заңды тұлғаны екінші заңды тұлғаға қосу (біріктіру) арқылы қайта ұйымдастыруды тіркеудің заңдылығы Алматы қаласы бойынша «Азаматтарға арналған үкімет «Мемлекеттік корпорациясы» КЕАҚ тіркеу туралы бұйрықтармен және әлеуетті өнім берушінің «BCS Construction» ЖШС өтінімінде қоса берілген өткізу актілерімен расталған:

1. *Қосылу жолымен (25.02.2021 ж. өткізу актісі, «BCS Construction» ЖШС қосылу жолымен «Bcs Plus» ЖШС қызметін тоқтату туралы 02.03.2021 ж. №9851 бұйрық)*
2. *Қосылу жолымен (01.04.2021 ж. өткізу актісі, 07.04.2021 ж. №13611 бұйрық, «BCS Construction» ЖШС қосылу жолымен «Есік Story Company» ЖШС қызметін тоқтату туралы)*
3. *Қосылу жолымен (01.08.2020 ж.өткізу актісі).) «Есік Сәт Жолдары» ЖШС "BCS Construction» ЖШС-не).*

Осылайша, өтініш берушінің осы бөліктегі дәлелдері өзінің растауын таппады, әлеуетті өнім берушінің «BCS Construction» ЖШС жұмыс тәжірибесі үшін шартты жеңілдікті Алматы қаласы бойынша ІМАД хабарламасына және ІМАД қорытындысына сәйкес ескеру қажет.

2) «Есік Жолдары» ЖШС Электрондық депозитарийінде орындалған жұмыстар бойынша мәліметтерге қатысты (БСН 990940000928) «Азимут Жол» ЖШС жаңа атауы), «Гордорстрой №2» мамандандырылған басқармасы» ЖШС, «BCS Construction» ЖШС.

Мемлекеттік сатып алу веб-порталын зерделеу нәтижелері бойынша, конкурсқа қатысушылар арасында әлеуетті өнім берушінің өтінімі «BCS Construction» ЖШС ұсынылғаны анықталды, бұл ретте «Азимут Жол» ЖШС және «Гордорстрой №2» мамандандырылған басқармасы» ЖШС осы

конкурсқа қатысушылар болып табылмады. Осы хаттың 1-сұрағында баяндалғанды ескере отырып, «BCS Construction» ЖШС жұмыс тәжірибесі заңды болып табылатынын атап өткен жөн.

Бұл ретте, мемлекеттік сатып алу веб-порталындағы электрондық депозитарийдің деректерін зерделеумен 01.02.2021 ж., 26.03.2021 ж., 29.07.2021 ж. бөлу баланстарына сәйкес бөлу жолымен қайта ұйымдастыру нәтижелері бойынша бұрын берілген «Азимут Жол» ЖШС және «Гордорстрой №2» мамандандырылған басқармасы» ЖШС орындалған жұмыстар бойынша мәліметтердің болуы анықталды.

Сонымен қатар, электрондық депозитарийдің деректеріне сәйкес мемлекеттік сатып алу саласындағы веб-порталда осы жұмыс тәжірибесі расталуда және бұғатталмаған.

Осылайша, өтініш берушінің «BCS Construction» ЖШС-нің мәліметтеріне ұқсас Мемлекеттік сатып алу веб-порталындағы электрондық депозитарийде «Азимут Жол» ЖШС мен «Гордорстрой №2» мамандандырылған басқармасы» ЖШС-нің орындалған жұмыстары бойынша мәліметтер бөлігіндегі дәлелдері өз растауын тапты.

Баяндалғанның негізінде апелляциялық комиссия мәлімделген дәлелдер шегінде шағымды ішінара қанағаттандыру туралы шешім қабылдады.

Екінші адресатқа: «Азимут Жол» ЖШС және «Гордорстрой №2» мамандандырылған басқармасы» ЖШС бойынша электрондық депозитарийдің деректерін сәйкес келтіру үшін.

Жауаппен келіспеген жағдайда, сіз Қазақстан Республикасы Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің 100-бабына сәйкес шешімге сот тәртібімен шағымдануға құқылысыз.

Қосымша ___ парақта.

Вице-министр **Д. Кеңбеил**

Орын.: Жусупов М.А.
Тел.: 8 7172 74-96-94

Согласовано
15.11.2021 11:55 Зайнуллина Айгуль Маратовна
15.11.2021 14:58 Адилханов Мурат Бухарбаевич
16.11.2021 10:29 Магай Владимир Владимирович
16.11.2021 17:44 Бектурова Арман Турсуновна
17.11.2021 15:58 Кавкитаев Алмас Кескирович
Подписано
17.11.2021 17:52 Кенбеил Даурен Маратулы

Тип документа	Исходящий документ
Номер и дата документа	№ 005-ДА/33807 от 17.11.2021 г.
Организация/отправитель	МИНИСТЕРСТВО ФИНАНСОВ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
Получатель (-и)	УПРАВЛЕНИЕ ГОСУДАРСТВЕННЫХ АКТИВОВ ГОРОДА АЛМАТЫ
	КОМИТЕТ КАЗНАЧЕЙСТВА МИНИСТЕРСТВА ФИНАНСОВ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
	ДА
	КОМИТЕТ ВНУТРЕННЕГО ГОСУДАРСТВЕННОГО АУДИТА МИНИСТЕРСТВА ФИНАНСОВ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
	ДА
	ДЕПАРТАМЕНТ ВНУТРЕННЕГО ГОСУДАРСТВЕННОГО АУДИТА ПО ГОРОДУ АЛМАТЫ
	ДА
Электронные цифровые подписи документа	Физическое лицо Подписано: ЗАЙНУЛЛИНА АЙГУЛЬ MIITQAYJ...acQJqgy89 Время подписи: 15.11.2021 11:55
	Физическое лицо Подписано: АДИЛХАНОВ МУРАТ MIITPgYJ...EmMe+Jg== Время подписи: 15.11.2021 14:58
	Физическое лицо Подписано: МАГАЙ ВЛАДИМИР MIITNgYJ...sZCFKQz8= Время подписи: 16.11.2021 10:29
	Физическое лицо Подписано: БЕКТУРОВА АРМАН MIITDAYJ...dGn/3pLs= Время подписи: 16.11.2021 17:44
	Физическое лицо Подписано: КАВКИТАЕВ АЛМАС MIITPAYJ...Kjemjq0E= Время подписи: 17.11.2021 15:58
	Физическое лицо Подписано: КЕҢБЕИЛ ДАУРЕН MIITWgYJ...J4Y79npg= Время подписи: 17.11.2021 17:52
	Физическое лицо Подписано: ШЕГИБАЕВА КАЛЖАН MIIThQYJ...4e0RhuT+W

	Время подписи: 17.11.2021 17:55

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II «Об электронном документе и электронной цифровой подписи», удостоверенный посредством электронной цифровой подписи лица, имеющего полномочия на его подписание, равнозначен подписанному документу на бумажном носителе.